



2015ж. қаңтар

ҚР Ұлттық Банкі


Қазақстан экономикасына қысқаша шолу

Негізгі түйіндер

Экономиканың едәуір баяу өсуі

2015ж. қаңтарда қысқамерзімді экономикалық индикатордың өсуі 105,0%-дан (2014ж. қаңтар-желтоқсан) 101,1%-ға дейін едәуір баяулады және 2014ж. қаңтардағы деңгейден біршама төмен болып қалды (103,3%).

2014ж. қаңтар-желтоқсанда аздаған төмендеу байқалған тау-кен өндіру және өңдеу өнеркәсібін және құрылысты қоспағанда, көпшілігінде негізгі салалар өсті.



*-индикатор экономиканың даму үрдісін сипаттайды және шығару индексінің мынадай базалық салалар бойынша өзгеруіне негізделеді: ауылшаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс. Осы салалардың ІЖӨ-дегі көлемі 67-68%-ды құрайды.

1. Макроэкономикалық индикаторлар

1.1. Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер

р/с№	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2015ж. Қаңтар	% -бен	
				2014ж. Қаңтарға	2014ж. желтоқсанға
	A	Б	1	2	3
1	ІЖӨ (2014ж. қаң.-жел. үшін жедел деректер)	млрд.теңге	38 033,1	104,3	-
2	Өнеркәсіп	млрд.теңге	1 087,3	99,2	81,3
3	Ауылшаруашылығы	млрд.теңге	79,9	103,3	52,0
4	Құрылыс	млрд.теңге	61,0	97,5	17,2
5	Көлік (жүк айналымы)	млрд.ткм.	40,7	122,0	87,2
6	Байланыс	млрд.теңге	59,2	110,8	96,3
7	Сауда	млрд.теңге	446,3	104,7	61,5
8	Негізгі капиталға инвестициялар	млрд.теңге	249,0	102,3	26,4
9	Тұтыну бағасының индексі (ТБИ)	%	107,5	107,5	100,6
10	Жұмыссыздық деңгейі (бағалау)	%	5,0	-	-

Бір айға кешігумен қалыптастырылатын көрсеткіштер

№пп	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2014ж. қаң.-желтоқсан	2014ж. желтоқсан	% -бен		2014ж. қарашаға %-бен желтоқсан
					2013ж. қаң.-желтоқсанға	2013ж. желтоқсанға	
	A	Б	1	2	3	4	5
1	Сыртқы сауда айналымы	млн. долл.	119 450,6	9 141,1	89,5	84,7	104,1
1.1.	- экспорт	млн. долл.	78 237,8	5 206,8	92,4	84,0	97,3
1.2.	- импорт	млн. долл.	41 212,8	3 934,3	84,4	85,8	114,6
2	Орташа жан басына шаққандағы ном.ақшалай кіріс	мың теңге	744,7	72,2	110,4	110,2	116,3
3	Орташа айлық номиналды жалақы	мың теңге	120,4	154,6	110,9	112,8	129,8
4	Нақты жалақы индексі	%	-	-	103,9	105,0	129,1

Ескерту: Шолуды дайындау кезінде Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің (ҰЭМКС), ҚР Ұлттық Банктің, ТМД Статкомитетінің, Еуростаттың, РФ Мемстатистиканың Федералдық қызметі деректері пайдаланылды. СК оларды нақтылауға, қайта санауға орай деректерде қарқынды бірқатар өзгерістер болуы ықтимал.

Қабылданған қысқарулар: ІЖӨ-ішкі жалпы өнім, ТМД-Тәуелсіз Мемлекеттер достастығы, НКИ-нақты көлем индексі, ТБИ - тұтыну бағасының индексі



1.2. Экономикадағы оң және теріс өзгерістер

2015 жылғы қаңтарда өнеркәсіп пен құрылысты қоспағанда, іс жүзінде барлық салалардың өсуіне негізделген экономиканың өсуі жалғасты.

Оң үдерістер

p/c №	2014ж. қаңтарға %-бен 2015ж. қаңтар	Факторлар	Анықтамалық: 2013 ж. қаң.-жел. %-бен 2014ж. қаң.-жел.
1. ДЖӨ (2014ж. қаң.-жел. үшін жедел деректер)	104,3	өнеркәсіп пен құрылыстан басқа, іс жүзінде барлығын құрайтындардың өсуі	
2. Ауылшаруашылығы	103,3	мал шаруашылығы көрсеткішінің жақсаруы	100,8
3. Көлік (жүк айналымы)	122,0	теміржол көлігінде жүк айналымы көлемінің ұлғаюы	98,8
4. Сауда (бөлшек тауар айналымы)	104,7	сауда-саттық жасаушы кәсіпорындардың сауданың өсуін баяулатуы	112,1
5. Байланыс	110,8	Интернет желісінен көрсетілген қызметтен кірістердің ұлғаюы	108,5
6. Негізгі капиталға инвестициялар	102,3	меншік қаражаты есебінен қаржыландыруды ұлғайту	103,9

Өнеркәсіпте және құрылыста өндіріс көлемі төмендеді. Импорттың және экспорттың жалғасып қысқаруы сыртқы сауда айналымының төмендеуі қарқынының ұлғаюына себепші болды.

Теріс өзгерістер

№пп	2014ж. қаңтарға %-бен 2015ж. қаңтар	Факторлар	Анықтамалық: 2013 ж. қаң.-жел. %-бен 2014ж. қаң.-жел.
7. Құрылыс	97,5	құрылыс-монтаж жұмыстары көлемінің азаюы	105,4
8. Өнеркәсіп	99,2	тау-кен өндіру және өңдеу салаларындағы өндіріс көлемінің төмендеуі	100,2
9. Тау-кен өндіру саласы	99,3	өңделмеген мұнайды және темір рудасын өндіру көлемінің төмендеуінің баяулауы	99,7
10. Өңдеу саласы	99,4	қара металлургия өндірісі көлемінің төмендеуі	101,0
11. Инфляция	107,5	азық-түлік тауарлары бағасының өсуі	106,7
12. Сыртқы сауда айналымы (2014 ж. қаң.-жел. және 2014 ж. қаң.-қар.)	89,5	экспорттың және импорттың төмендеуі	90,1
12-1. Сыртқы сауда айналымы: экспорт (2014 ж. қаң.-жел. және 2014 ж. қаң.-қар.)	92,4	мұнай және газ конденсаты, алюминий бойынша, сондай-ақ ферроқұйма бойынша экспорттық түсімдердің қысқаруы	93,3
12-2. Сыртқы сауда айналымы: импорт (2014 ж. қаң.-жел. және 2014 ж. қаң.-қар.)	84,4	табиғи газ, химиялық өнім, металлдар, сондай-ақ машиналар және жабдықтар импортының қысқаруы	84,4




Ішкі жалпы өнім

1.3. ІЖӨ өндіріс әдісімен

2014 жыл үшін ІЖӨ 4,3%-ға өсті

ҰЭМСК-нің деректері бойынша, ІЖӨ 2014 жыл үшін нақты көрсеткіш бойынша 4,3%-ға ұлғайып, 38,033 трлн.теңге болды

Тауарлар өндірісі 1,0%-ға, ал қызмет көрсету 6,0%-ға өсті. 2013 жылғы осындай көрсеткіштермен салыстырғанда, өндірістің өсуі 1,1%-ға баулады, бұл ретте өндірістің үлесі 55,5%-ға дейін өсті.



Қызмет көрсету секторы, мұнда іс жүзінде барлық негізгі құрамдас бөліктер өсуді көрсетті, 2014ж. экономиканың драйвері рөлін атқарды


1.4. Түпкілікті пайдалану әдісімен ІЖӨ

2014 жылғы 9 айда түпкілікті пайдалану әдісімен ІЖӨ 103,7%-ға ұлғайды

ҰЭМСК деректері бойынша, 2014ж. 9 айда ІЖӨ нақты көрсеткіш бойынша 3,7%-ға ұлғайып, 25,63 трлн.теңге болды. Түпкілікті тұтыну шығыстары 2,5%-ға өсті, жалпы жинақтау 2013 жылғы тиісті кезеңге қарағанда 0,2%-ға ұлғайды.

Өсу мем. басқару органдарының (11,2%), ҮШҚҚҰ* (1,3%) түпкілікті тұтыну шығыстарының, сондай-ақ негізгі капитал жинақтары шығыстарының ұлғаюына (3,0%-ға өсу) себепші болды.

"Таза экспорттың" үлесі экспорт үлесінің ұлғаюына (2,6%) орай тауарлар және қызмет көрсету импорты (1,5%) үлесінің азаюы кезінде 2013 жылғы тиісті кезеңге қарағанда 3,3%-ға өсті.




* - ҮШҚҚҰ - үй шаруашылықтарына қызмет көрсетуші коммерциялық емес ұйымдар

1.5. ТМД елдеріндегі ІЖӨ

2014 жылғы қорытындылар бойынша - Озбекстан ІЖӨ-нің өсуі бойынша көшбасшы

ҰЭМСК және ТМД Статистикалық Комитеттің деректері бойынша ТМД елдерінің арасында 2014ж. ІЖӨ-нің ең көп өсу 2013 жылғы тиісті кезеңге қатысты Озбекстанда (8,1%-ға өсу), ең азы - Ресейде (0,6%) байқалды. Украинада 2014 жылы ІЖӨ 2013 жылға қарағанда 5,2%-ға төмендеді.

1 - Молдова және Армения бойынша 2014 жылғы қаңтар-қыркүйек үшін деректер 2013 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда
2 - Украина бойынша деректер 2014 жылғы 3-тоқсан 2013 жылғы 3-тоқсанға





1.6. Негізгі ықпал ету факторлары

Мұнайдың бағасы


Мұнай бағасының өзгеруі өнеркәсіптегі баға деңгейіне және тиісінше өндірістің құндық көлеміне айтарлықтай ықпал етті. 2015 жылғы қаңтарда, 2014ж. қаңтарға қатысты, Brent маркалы мұнайдың номиналдық құны 59,3%-ға төмендеді, бұл ретте тау-кен өндіру саласында өндірістің нақты көлемі 0,7%-ға азайды, ал тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемі ақшалай көрсеткіште 37,9%-ға төмендеді.

Мұнайдың бағасы және өндіріс көлемі

Өнеркәсіп өндірісіне негізгі салымды өңделмеген мұнай өндіру қосады, оның үлесі 2015ж. қаңтарда 40,0% болды.

2015ж. қаңтарда өңделмеген мұнайды өндіру (нақты көрсеткіш) 2014ж. қаңтарға қарағанда 1,5%-ға азайды, Brent маркалы мұнайдың бағасы 2015ж. қаңтарда бір баррель үшін 48,1 доллар болды, бұл 2014ж. қаңтардан 59,3\$-ға төмен және 2014ж. желтоқсаннан 14,2\$-ға төмен. Өндіру саласының жылдық НКИ 0,7%-ға, ал айлық - 16,6%-ға азайды.

2015ж. қаңтарда өңделмеген мұнайды өндіру көлемі (нақты көрсеткіш) 1,5% 2014ж. тиісті кезеңге 1,5%-ға төмендеді.

**Сыртқы сұраныс**


Қазақстандық экспорттың көп бөлігі Еуроодақ елдеріне (2014 жылғы қаңтар-желтоқсандағы экспорттың үлесі 56,8% болды), Қытайға (12,5%) және Ресейге (6,6%) жеткізілетіндіктен, осы елдердің экономикаларының жай-күйі Қазақстанның сыртқы саудасының көлеміне біршама тәуелді. 2014 жылғы 4-тоқ. ЕО ІЖӨ өсуі (28) 0,4% болды, Ресейде 2014 жылы көрсеткіш 0,6%-ға дейін баяулады, Қытайда 2014 жылы өсу 7,4%-ға дейін баяулады.

Сыртқы сауда айналымы
2014ж. қаңтар-желтоқсан

2014ж. қаңтар-желтоқсанда сыртқы сауда айналымы 10,5%-ға төмендеді (экспорт 7,6%-ға төмендеді, импорт - 15,6%-ға қысқарды). 2014ж. желтоқсанда (2013 ж. желтоқсан) сыртқы сауда айналымы 15,3%-ға төмендеді (экспорт 16,0%-ға қысқарды, импорт 14,2%-ға төмендеді).

Экспорттың құрылымында минерал өнімдер (81,6% 2014ж. қаңтар-желтоқсан), импортта - машиналар, жабдық, көлік құралдары, құралдар және аппараттар (43,7%) басымдыққа ие.

2014 жылғы қаңтар-желтоқсанда Кеден одағы елдерімен экспорт 2013 жылғы тиісті кезеңге қарағанда 12,2%-ға қысқарды, импорт - 22,6%-ға төмендеді.

**Экономикадағы ақша ұсынысы**

Әлемдік дағдарыстың ықпалымен сыртқы қарыздар есебінен түскен Қазақстан экономикасын қаржыландыру ағыны қысқарды, бұл экономикаға ақша ұсынысын төмендетті. Банк секторын қалпына келтіруге және сыртқы қорландыру көздерін ішкіге ауыстыруға орай кредиттеу 2011 жылдан бастап жандана бастады.

Кредиттер бойынша берешек*


2015ж. қаңтарда екінші деңгейдегі банктер 2014ж. желтоқсанмен салыстырғанда 0,49%-ға көп кредиттер берді

Ең көп өсу құрылыс (2,1%) саласын кредиттеуде байқалды, сауда, өнеркәсіп, ауылшаруашылығы және басқа** салаларды кредиттеу көлемі (0,6%, 0,5%, (-0,1%) және 0,4% тиісінше) мүлдем өзгерген жоқ. Кейбір төмендеу көлік және байланыс саласын кредиттеу көлемінде байқалды (-1,9%).

Кредиттеудің жылдық өсуі тұтастай алғанда 7,5%-ға жетті (2014 ж. желтоқсанның соңында 7,2% болды), яғни кредиттеудің жалпы көлемінің аздап жедел өсу үрдісі байқалды.

* - кезең соңындағы деректер бойынша

** - өндірістік емес сала, дара қызмет






2. Экономиканың негізгі салаларындағы НКИ

Тауарлар өндірісі

2.1. Өнеркәсіп


Аздап төмендеу

2015 жылғы қаңтарда өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2014 жылғы тиісті кезеңге (2014 жылғы қаңтар-желтоқсан - 0,2%-ға өсті, 2014ж. қаңтарда - 0,8%-ға өсті) 0,8%-ға азайды. Шамалы азау тау-кен өндіру және өңдеу салаларындағы көрсеткіштің нашарлауына себепші болды.




Тау-кен өндіру - өндіріс көлемінің аздап төмендеуі

2015 жылғы қаңтарда тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемі 2014 жылғы тиісті кезеңге (2014ж. қаңтар-желтоқсан - 0,3%-ға төмендеді, 2014ж. қаңтарда - 0,7%-ға өсті) 0,7%-ға қысқарды. Өндіріс көлемінің төмендеуінің жалғасуына өңделмеген мұнай өндірудің 1,4%-ға дейін жедел төмендеуіне (2014 жылғы қаңтар-желтоқсанда - 1,2%-ға төмендеді) және темір рудасының 1,1%-ға қысқаруына себепші болды.



Өңдеу - өндіріс көлемінің аздап азаюы


Сала бойынша азау 2015ж. қаңтарда 2014 жылғы тиісті кезеңге (2014 ж. қаңтар-желтоқсан үшін - 1,0%-ға ұлғайды) 0,6% болды. Аздап азау металлургиядан басқа, өңдеу өнеркәсібінің негізгі салаларындағы өндіріс көлемінің төмендеуіне себепші болды (2015 жылғы қаңтардағы үлес негізгі асыл және түсті металдар өндірісінің 22,9%-ға жедел өсуіне негізделген өңдеу өнеркәсібі көлемінің 40,3% болды).



2.2. Құрылыс


Кейбір төмендеу

2015 жылғы қаңтарда жүргізілген құрылыс жұмыстарының көлемі 2014 жылғы қаңтармен салыстырғанда 2,5%-ға дейін төмендеді. 2015ж. қаңтарда құрылыс-монтаж жұмыстары көлемінің құрылыс жұмыстары құрылымындағы үлесі 89,4% болды, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 7,8%-ға азайды, күрделі және ағымдағы жөндеу бойынша тиісінше 2,7%-ға және 1,3%-ға ұлғайды.




**2.3. Ауылшаруашылығы****Кейбір жедел өсу**


Ауылшаруашылығы секторы 2015 жылғы қаңтарда 2014 жылғы тиісті кезеңге қарағанда 3,3%-ға өсті (2014 жылғы қаңтар-желтоқсанда - 0,8%-ға өсті, 2014 жылғы қаңтарда - 1,1%-ға өсті). Өсуге 2015ж. қаңтарда 2014ж. тиісті кезеңге қарағанда мал шаруашылығы өнімі көлемінің 3,5%-ға ұлғаюуы себепші болды, осы уақытта өсімдік шаруашылығы өнімінің көлемі өзгерген жоқ.

**Қызмет көрсету өндірісі****2.4. Сауда****Айтарлықтай баяулаумен өсудің жалғасуы**


2015ж. қаңтарда бөлшек тауар айналымының өсуі 2014ж. қаңтармен салыстырғанда 104,7%-ға дейін баяулады (2014ж. қаңтар-желтоқсан - 112,1%, 2014ж. қаңтар - 110,4%). Негізгі фактор - саудасаттық жасаушы кәсіпорындардың сауда көлемінің өсуі - 103,4%-ға дейін (бөлшек тауар айналымындағы оның үлесі - 56,3%) баяулады.

**2.5. Көлік****Едәуір өсу**

Көлік секторындағы көлем 2014ж. қаңтармен салыстырғанда 2015 жылғы қаңтарда 22,0%-ға айтарлықтай өсуді көрсетті, бұл теміржол көлігіндегі жүк ағынының 45,0%-ға (оның жүк айналымының жалпы көлеміндегі үлесі 45,3% болды), және құбыр көлігінің 16,5%-ға ұлғаюуына себепші болды (жүк айналымының жалпы көлеміндегі үлесі 26,1% болды).

**2.6. Байланыс****Өсудің кейбір баяулаумен жалғасуы**

2015ж. қаңтарда байланыс қызметі көлемінің өсуі 2014ж. қаңтармен салыстырғанда 10,8%-ға дейін баяулады (2014ж. қаңтар-желтоқсанда - 8,5%-ға өсті, 2014ж. қаңтарда - 12,7%-ға өсті). Негізгі фактор - мобилдік байланыстан кірістер 2,6%-ға төмендеді, осы уақытта Интернет желісі бойынша кірістер 23,3%-ға өсті.






3. Инфляция

3.1. Тұтыну бағасының индексі

Инфляция қарқынын жеделдетудің жалғасуы

2015 жылғы қаңтарда инфляцияның өсуі 2014 жылғы тиісті кезеңге қатысты 7,5% болды. Бұл азық-түлік және азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсуіне себепші болды (8,7 және 7,4%, тиісінше). Айлық өсу 0,6%-ға дейін аздап жеделдетілді, бұл азық-түлік тауарлары бағасының өсуіне себепші болды, ол 1,2% болды. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасы аздап 0,1%-ға төмендеді.




4. Инвестициялар

4.1. Негізгі капиталға инвестициялар

Өсудің негізгі көзі - кәсіпорындардың меншікті қаражаты

Инвестициялардың өсу қарқыны 2015ж. қаңтарда 2014ж. тиісті кезеңге (2014ж. қаңтар-желтоқсанда көрсеткіштер 3,9%-ға өсті, 2014ж. қаңтарда - 4,0%-ға өсті) 2,3%-ға дейін баяулады. Негізгі көз - меншікті қаражаттың үлесі 74,5% болды.




6. Еңбек нарығы

6.1. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық

Жұмыссыздық деңгейі өзгерген жоқ

Соңғы 5 жылда жұмыссыздық деңгейі рекордтық төменгі мәнге дейін төмендеді және 12 ай бойы 5,0-5,1% шекте қалып отыр. 2015 жылғы қаңтарда жұмыссыздық көрсеткіші 5,0% болды.

2015 ж. қаңтарда жұмыспен қамтылғандар және жұмыссыздар саны мүлдем өзгерген жоқ, нәтижесінде жұмыссыздық деңгейі бұрынғы деңгейде қалды.



6.2. Халықтың кірістері

Өсу жалғасуда

2014 жылғы желтоқсанда орташа айлық жалақы 2013 жылғы желтоқсанда номиналдық көрсеткіш бойынша 12,8%-ға, ал нақты - 5,0%-ға ұлғайды. Бұл ретте, 2014ж. желтоқсанда жылдық көрсетудегі орташа айлық жалақы мөлшерінің айтарлықтай ұлғаюына қарамастан инфляцияның жоғары өсу қарқынының сақталуы халықтың нақты ақшалай кірісінің 102,6%-ға дейін өсу қарқынымен өтелді.

